

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 158 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 04 маусымда № 2734 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 08.01.2016 № 2 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді).

Ескерту. Қаулының атауы Атырау облысы әкімдігінің 29.08.2014 № 271 қаулысының редакциясында (алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына және V шақырылған облыстық мәслихаттың XIII сессиясының 2013 жылғы 17 сәуірдегі № 123-V "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдардың тізбесімен келісу туралы" шешіміне сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімдігінің 29.08.2014 № 271 қаулысымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ш.Ж. Мұқанға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	Б. Ізмұхамбетов
-------------	-----------------

"Келісілді"

Атырау облысы мәслихаты

сессиясының төрайымы _____ М. Қаражігітова

26 сәуір 2013 жыл

"Келісілді"

Атырау облысы мәслихатының хатшысы _____ С. Лұқпанов

26 сәуір 2013 жыл

Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 26
сәуірдегі № 158 қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымшаның атауы жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімдігінің 29.08.2014 № 271 қаулысымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі).

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі 1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:

ұйымының басшысы;
ұйымының басшысының орынбасары;
ұйымының құрылымдық бөлімшесінің басшысы (бас дәрігер, директор, аға дәрігер, меңгеруші, бастық);
клиникалық бөлімшенің меңгерушісі;
параклиникалық бөлімшенің меңгерушісі;
барлық мамандықтағы дәрігерлер;
бас мейірбике;
аға мейірбике;
барлық мамандықтағы мейірбике;
акушер;
фельдшер;
медициналық зертханашы;
рентген зертханашысы;
медициналық статистик;
медициналық тіркеуші;
дәріхана меңгерушісі;
провизор, фармацевт;
емдәм мейірбикесі;
психолог маман;
денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкер;
дезинфектор.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
барлық мамандықтағы дәрігерлер;
орта медициналық персонал;
психолог;
нұсқаушы;
мәдени ұйымдастырушы;
музыкалық жетекші.

3. Білім беру мамандарының лауазымдары:

білім беру ұйымдарының барлық мамандықтар мұғалімдері;
колледждің, арнайы түзету ұйымдары мен барлық түрдегі және үлгідегі
интернаттық ұйымдардың директоры (бастығы, меңгерушісі);

балалар үйі, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорынсыз қалған
балаларға арналған мектеп-интернаттар, балалар үйі-интернаты директоры (меңгерушісі);

алғашқы әскери даярлық жетекшісі, оқытушы-ұйымдастырушысы (оқу орнындағы әскери жетекші);

жалпы орта білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың және бастауыш, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім, қосымша білім берудің басқа да ұйымдарындағы директордың (бастықтың), оқу ісі, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, тәрбие жұмыстары, мектептердің, мектеп-интернаттардың жұмыстары жөніндегі орынбасары;

әлеуметтік педагог;

педагог-ұйымдастырушы;

тілдері мүкіс балалармен жұмыс істейтін мұғалім (оқу орындарындағы тілдері мүкіс балалармен жұмыс істейтін мұғалім);

педагог-психолог;

кеміс балалармен жұмыс істейтін мұғалім (дефектолог);

оқыту қызметімен тікелей айналысатын спорт жөніндегі жаттықтырушы-оқытушы, спорт жөніндегі аға жаттықтырушы-оқытушы; психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация меңгерушісі; оқу-өндірістік (оқу) шеберхана меңгерушісі (білім беру ұйымдарында); оқу-сауықтыру, оқу-тәрбие орталықтарындағы (кешендеріндегі) нұсқаушы, әдіскер, тәрбиеші, өндірістік оқыту шебері;

аға шебер, өндірістік оқыту шебері;

оқу-тәрбие жұмысымен тікелей айналысатын музыкалық жетекші (

балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарынан басқа);
оқу-өндірістік, оқу-тәрбие қызметімен тікелей айналысатын оқу-сауықтыру,
оқу-тәрбие орталығы (кешені) директорының орынбасары;
білім беру ұйымдарында оқу бөлімінің меңгерушісі.

4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

мәдениет мемлекеттік мекемесінің және қазыналық кәсіпорнының басшысы;
мәдениет мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысының
орынбасары;

көркемдік жетекші, мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын
бөлімшесі, филиалы басшысының орынбасары;

сектор бөлімшесінің (бөлімінің) бөлімше филиал басшысы;
меңгерушісі: труппа, бөлім (көркемдеп қою, әдеби-драмалық, музыкалық),
кітапхана, клуб;

бас әкімші, балетмейстер, дирижер, дыбыс режиссеры, инспектор,
кинооператор, режиссер, хормейстер, суретші, ғылыми қызметкер (оның ішінде
аға, кіші), аккомпониатор, актер, әртіс, библиограф, кітапханашы, өнертанушы,
кинорежиссер, концертмейстер, әдістемеші, музыкалық жетекші, музыкатанушы,
қоюшы-оператор, аудармашы, режиссердың көмекшісі, продюсер,
қоюшы-режиссер, репетитор, солист, хореограф, мұражай қорын сақтаушы,
барлық атаудағы суретшілер, суретші-конструктор (дизайнер), экскурсовод,
мәдени ұйымдастырушы, режиссердің ассистенті, кино бейнепроекциялық
аппаратура басқару пультінің операторы, үйірме жетекшісі;

мемлекеттік мұрағат мекемесінің директоры;
мұрағатшы, қор сақтаушы.

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

мемлекеттік мекемесінің және қазыналық кәсіпорнының басшысы;
мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
әдістемеші;

аға жаттықтырушы, жаттықтырушы;

барлық мамандықтағы дәрігерлер;

медициналық бике;

спорт құрылыстарының меңгерушісі;

фельдшер.

